

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
"Көп бейінді қалалық ауруханасы" ШЖҚ КМК-ның 2020, 2021, 2022
және 2023 жылдың 3-айлық сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

25 мамыр 2023ж

Қызылорда қаласы

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, "Көп бейінді қалалық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (*бұдан әрі кәсіпорын*) құрылымдық бөлімдерінің қызметі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (*өзгерістер енгізу туралы*) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаттарына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 11.05.2023 жылғы № 515ж/қ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

1. Қ.Алипов – жұмыс тобының жетекшісі, бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасарының міндетін уақытша орындаушы;
2. Е.Жағыпар – жұмыс тобының мүшесі, шаруашылық бөлімінің басшысы
3. Г.Игенова – жұмыс тобының мүшесі, АРБ және КЖ бөлімінің меңгерушісі;
4. Э.Досмаханова – жұмыс тобының мүшесі, бас есепші;
5. Қ.Алибеков- жұмыс тобының мүшесі, заңгер;
6. Б.Ерназарова-жұмыс тобының мүшесі, гинекология бөлімінің меңгерушісі;
7. Г.Абдыкалыков - жұмыс тобының мүшесі, ота бөлімінің меңгерушісі;
8. А.Тагаева - жұмыс тобының мүшесі, бас мейірбике ;
9. Е.Нурманов - жұмыс тобының мүшесі, жан сақтау бөлімінің аға мейіргері;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2020ж, 2021ж, 2022ж, 2023 жылдың 01-қаңтар мен 25-ші мамыр аралығы кезеңі қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 16-24.05.2023 ж аралығында жүргізілді.

6. Бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары К.Алиповке топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер;

Кәсіпорын өз қызметін бекітілген Жарғысы негізінде жүзеге атқарады.

Кәсіпорынның функциялары:

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында шаруашылық-өндірістік қызметтерді жүзеге асыру негізінде медициналық көмек көрсету болып табылады.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек: дәрігерге дейінгі, білікті, жедел медициналық, диагностика, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық, зертханалық диагностика, биохимиялық, иммунологиялық, жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер, консультациялық-диагностикалық медициналық көмек, травматология және ортопедия, урология, мына мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек, акушерлік және гинекология, анестезиология және реаниматология, комбустиология, проктология, токсикология, диетология, стоматология, дерматовенерология, хирургия, жалпы оториноларингология, офтальмология, трансфузиология, урология, травматология және ортопедия, терапия, жалпы невропатология, кардиология, ревматология, гастрэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология (иммунология), гематология, кәсіптік патология, психиатрия, психотерапия, медициналық реабилитология, физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, профилактикалық тексерулер.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласында бәсекелестікті шектеуді болдырмайтын ақылы қызмет түрлерін көрсету.

Мекен жайы: Қызылорда қаласы, Н.Абуов. Ғимарат 29.

II. Кәсіпорынның қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмысы тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорынның ережесін зерделеді.

Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процесстік кодексі;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 434-V Заңы ;

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР-ның 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі ;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 183 бұйрығымен бекітілген «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидалары » ;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға жататын есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану қағидалары ;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы » 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының № 410-V Заңы ;

"Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысанда-рын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2012 жылғы 31 шілдедегі № 514 бұйрығы ;

«Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Респу-бликасы Денсаулық Сақтау және ӘДМ-нің 29.09.2015 жылғы №761 бұйрығы ;

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысы ;

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығы ;

«Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығы ;

Басқа да құқықтық-нормативтік актілер.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бағытында кешенді шаралар "Көп бейінді қалалық ауруханасы" ШЖҚ КМК-ның бас дәрігері бекіткен 2023 жылға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылуда.

Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа, парақорлыққа қарсы күресу және оның алдын алу үшін "Көп бейінді қалалық ауруханасы" ШЖҚ КМК-ның кәсіподақ төрайымымен келісіліп бас дәрігерімен бекітілген "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы ережесімен" және "Іскерлік әдеп үлгілік кодексімен" аурухананың қызметкерлері және қызметке алғаш қабылданған жұмыскерлер жоғарыда аталған саясатпен, ережемен, іскерлік әдеп үлгілік кодексімен таныстырып, түсіндірме жұмыстар жүргізіліп және оны өз жұмысында басшылыққа алу керек екендігі түсіндірілген.

Бақылау кезеңінде кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар саласында әкімшілік және қылмыстық істер қозғалған жоқ.

Кәсіпорын сыбайлас жемқорлық тәуекел фактілерін болдырмау мақсатында, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп алдын алу шаралары жүргізілуде.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, жүргізілуде.

Кәсіпорын дәрігерлері өздеріне қатысты білімі, еңбек өтілі, біліктілігі туралы ақпаратты кешенді медициналық ақпараттық жүйесінің "Даму мед" мобильді қосымшасына енгізу бойынша тапсырмалар беріліп, жұмыстар жасалуда.

III. Персоналды басқару бойынша:

2020 жыл кәсіпорынның штат саны 509,5 штат бірлік. Кадлық құрам бойынша бекітілген құрылымға сәйкес дәрігерлер 115,5; медбикелер 193,75; кіші буын 123; медициналық емес қызметкерлер 77,25:

2021 жыл кәсіпорынның штат саны 508 штат бірлік. Кадлық құрам бойынша бекітілген құрылымға сәйкес дәрігерлер 111,25; медбикелер 196,25; кіші буын 123; медициналық емес қызметкерлер 77,5:

2022 жыл кәсіпорынның штат саны 524,25 штат бірлік. Кадлық құрам бойынша бекітілген құрылымға сәйкес дәрігерлер 117,75; медбикелер 203,25; кіші буын 124,5; медициналық емес қызметкерлер 78,75:

2023 жыл кәсіпорынның штат саны 518,5 штат бірлік. Кадлық құрам бойынша бекітілген құрылымға сәйкес дәрігерлер 122,75; медбикелер 202,75; кіші буын 124,25; медициналық емес қызметкерлер 68,75:

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

2020 жыл жұмысқа қабылданғандар саны - 45; Жұмыстан босатылғандар саны - 33:

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты. медициналық көмек беруде жіберілген қателіктері мен қызметтік міндеттерін өз деңгейінде орындамағаны үшін барлығы - 28; оның ішінде ескерту-12, сөгіс-5, қатаң сөгіс-11.

2021 жыл жұмысқа қабылданғандар саны - 32; Жұмыстан босатылғандар саны - 32:

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты. медициналық көмек беруде жіберілген қателіктері мен қызметтік міндеттерін өз деңгейінде орындамағаны үшін барлығы- 20; оның ішінде ескерту - 18, сөгіс - 1, қатаң сөгіс-1.

2022 жыл жұмысқа қабылданғандар саны - 31; Жұмыстан босатылғандар саны - 32:

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты. медициналық көмек беруде жіберілген қателіктері мен қызметтік міндеттерін өз деңгейінде орындамағаны үшін барлығы - 32; оның ішінде ескерту - 16, сөгіс - 14, қатаң сөгіс - 2.

2023 жыл қаңтар, ақпан, наурыз айлары бойынша жұмысқа қабылданғандар саны - 11; Жұмыстан босатылғандар саны -7:

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты. медициналық көмек беруде жіберілген қателіктері мен қызметтік міндеттерін өз деңгейінде орындамағаны үшін 1 қызметкерге ескерту тәртіптік шара көрілген.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

2020ж, 2021ж, 2022ж, 2023 жылдың қаңтар - мамыр аралығында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету бағыты бойынша:

Кәсіпорында мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

2020 жыл Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 1689 дана, анықтама саны - 105.

2021 жыл Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 1649 дана, анықтама саны - 82.

2022 жыл Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 2168 дана, анықтама саны - 115. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айлары бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 676 дана, анықтама саны - 49. Көрсетілген мемлекеттік мерзімдері стандартқа сәйкес орындалған, арыз-шағымдар қызметтер бойынша тіркелмеген.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

2020 жыл келіп түскен өтініштер-8 жолданым,

2021 жыл келіп түскен өтініштер-9 жолданым,
2022 жыл келіп түскен өтініштер-16 жолданым,
2023 жылдың үш айы бойынша 1 жолданым бойынша заңнама талаптарына сәйкес жазбаша жауап берілген.

Қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талаптарын бұзушылықтар орын алмаған.

Сонымен қатар, Кәсіпорынның барлық қызметкерлері Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексерілген. Азаматтық қызметшілер сотталмаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіпорынның қызметшілеріне қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зертеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының және мемлекеттік сатып алу саласындағы өзге құқықтық актілер талаптарын қатаң сақтап, қолданыстағы заңдарға сәйкес жұмыстар жасалуда және тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілін бәсекелестік орта бойынша жұмыстар жүргізілмеген.

2020 жыл Сот тәртібімен өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған барлығы - 4 мердігерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз берілді. оның ішінде 2-і Сот шешімімен жосықсыз қатысушы деп танылды, 1- талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды, 1 - талап арыз Сот ұйғарымымен тоқтатылды.

2021 жыл Сот тәртібімен өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған барлығы - 4 мердігерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз берілді. оның ішінде 3-і Сот шешімімен жосықсыз қатысушы деп танылды, 1- талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды,

2022 жыл Сот тәртібімен өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған барлығы - 2 мердігерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз берілді. оның ішінде 1-і Сот шешімімен жосықсыз қатысушы деп танылды, 1- талап арыз Сот шешімімен қанағаттандырусыз қалдырылды.

2023 жыл «Найпов Алимжан» ЖК 17.01.2023 жылы №01-15/47 санды шығыс хатпен Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жолданып 15.02.2023 жылы талап арыз қанағаттандырылып «Найпов Алимжан» ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және жою мақсатында ұсыным:










Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген мониторинг нәтижелерін басшылыққа ала отырып, Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында:

Кәсіпорын уәкілетті органнан алынған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы материалдарды кәсіпорының қызметкерлерімен танысу мақсатында тұрақты негізде таратуға.

Кәсіпорынға жаңадан қабылданған қызметкерлерді жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құжаттармен, бұйрықтармен және саясат, ереже, іскерлік әдеп үлгілік кодексімен таныстыруға міндетті.

Білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар арқылы сыбайлас жемқорлыққа "нөлдік" төзімділікті қалыптастыру, кәсіпорын қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жадынамаларымен және өзге де ақпараттық материалдармен таныстыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

«Келісілді»

- | | | |
|-----------------------------|--|---------------|
| 1. Жұмыс тобының жетекшісі: |  | Қ.Алипов |
| 2. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Е.Жағыпар |
| 3. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Г.Игенова |
| 4. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Э.Досмаханова |
| 5. Жұмыс тобының мүшесі:: |  | Қ.Алибеков |
| 6. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Б.Ерназарова |
| 7. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Г.Абдыкалыков |
| 8. Жұмыс тобының мүшесі: |  | А.Тагаева |
| 9. Жұмыс тобының мүшесі: |  | Е.Нурманов |

Кәсіпорын бас дәрігері

Б.Т.Төлеген

